



ӘДІЛДІКТЕН АЙНЫМАҒАН

Тыл және заң саласы қызметінің ардагері Қожамжар МАХАТОВТЫҢ өнегелі өмірінен

Ел басына күн туып, «соғыс» атты дүрмектің дүйім дүниені дүрбелеңге салған - 1941 жылы Қожамжар ақсақал небары 14 жаста ғана екен. Азаматтары жаппай ел қорғауға аттанып, азан-қазан болған азалы жылдар өзі қатарлы құрбылары секілді Қожекенді де ерте есейтті. Майданға аттанған ауыл азаматтарының орынына колхоздың егіні де, малы да енді ғана есі кіре бастағанмен, бұғанасы бекіп үлгермеген балалар мен әйелдердің, кәрі-құртан қарттардың мойынында болды. Адам өмірінің ең тәтті шағы - балалық болса, балдәурен шағы зұлмат соғыспен тұспа-тұс келген Қожекендердің қатары ертелі-кеш колхоз даласында еңбек етіп, ерте есейді. Жалынды жастық шағында жадырай-жарқырап ән салған жоқ. Бозала таңды бозбала болып ғашығымен қарсы алған жоқ. Тойып тамақ ішкен жоқ, жарқырап киім киген жоқ. Олардың ойында тыныш елді ойранға айналдырған жауға деген өшпенділік пен бойында «бәрі де - майдан үшін, бәрі де - жеңіс үшін» деген жігер болды.

Еңбектеген баланың да, еңкейген көрінің де жүзіндегі шаттықты жүрдай етіп, адамзат аспанына қайғы бұлтын үйірген сұм соғысқа лағнет айта жүріп жеңіске теңдессіз үлес қосқан тылдағы мылтықсыз майданның жауынгері атанған Қожамжар Сәлиұлы ауыр бейнеттің сұрықсыз суретімен өрнектелген балалық шағын:

- Халық басындағы тұрмыс Ұлы Отан соғысына дейін де жетісіп тұрған жоқ еді ғой. Кеңес үкіметі орнап, ел енді ғана еңсесін тіктей бастағанда біздің халық 1932 жылғы аштықты көріп, «Голощекин геноцидінің» құрбаны болды. 1937-1938 жылдары елдің бас көтерер азаматтары «халық жауы» атанып, айдалып, атылып жатты. Сол кезде ештеңенің байыбына бара білмейтін ойын баласы болғанымызбен, үлкендердің салыңқы қабағына қарап, біздің де еңсеміз бір көтерілмейтін. Оған 1941 жылғы сұм соғысты қосыңыз... Міне, біздер - осынша зобалаңды бала кезден-ақ бастан кешірген ұрпақпыз. Біздер - сондай ауыр жылдардың төліміз ғой, -деп, күрсіне еске алады.

Иә, Қожекендер жаз бойы колхоздың жұмысын атқарып, қыс бойы оқудан қол үзбеді. Бойларындағы фашизм қорқауларына деген ашу-ыза сол кездегі тарының түйіршігіндей ұлдарды тас-түйін етті. Олар ертеңге деген сенімдерін жоғалтқан жоқ.

Қожамжар ақсақал 1942 жылы Ұлытау аудандық комсомол комитетінің тапсырмасымен орталық статистика басқармасының аудандық инспекциясында статист болып жұмыс істеді. Өзіне сеніп тапсырылған істі жауапкершілікпен атқара білген ол «қызметкермін» деп қағаз бастылығын сылтау етіп кеңседен шықпай отырып алмады. Науқан кездерінде уақытпен санаспай, ел қатарлы егіс даласында, мал шаруашылығында еңбек етті.

Қожамжар Сәлиұлының бойындағы зеректігі мен еңбекқорлығы аудан басшыларының назарынан тыс қалған жоқ. Оны 1943 жылы аудандық партия комитеті аудандық прокуратура хатшылығына жіберді. Болашақ заңгер үшін үлкен мектеп болған бұл жұмыста 16 жасар Қожамжар 1945 жылдың ұлы Жеңісті ала келген нұрлы көктеміне дейін істеді.

1945-1947 жылдар аралығында «Жездімарганец» кен басқармасында еңбек еткен жігерлі жас 1947 жылы Алматы мемлекеттік заң институтына түседі. 1951 жылы аталмыш оқу орнын тәмамдаған Қожамжар Махатов - аймағымыздағы жоғары білімді тұңғыш кәсіби заңгерлердің бірі. Институт бітірген соң арнайы жолдамамен Көкшетау облысына жіберілген жас маман сол кезден бастап прокуратура са-



ласында үзбей жарты ғасырға жуық уақыт абыройлы еңбек етті. Көкшетау, Қарағанды, Жезқазған облыстық прокуратураларында бірыңғай жауапты қызметтерде болды.

Қарт заңгердің есінде Көкшетау облысында еңбек еткен жылдары ерекше сақталыпты. Оқу орнын жаңа бітірген жас маманға үнемі түйін шешуі қиын күрделі қылмыстық істерді жүргізу жүктелетін. Әсіресе, ауыл шаруашылығында заңсыздықтар орын алып, мемлекет қазынасын талан-таражға салу өрістеп тұрды. Оның үстіне тың игерушілер арасында қылмыс әлеміне оң иығын беріп тұратындар көп кездесті. Тың далаға сан мыңдаған тағдырлардың тоқайласуы құқық қорғау орындарының жұмысын күрделендіріп жіберді. Осындай сындарлы сәттерде әділдіктен айнымай, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқара білген Қожамжар Махатовтың есімі еліміздің байырғы заң қызметкерлері арасында құрметпен аталады. Көкшетау облысында еңбек еткен алғашқы жылдың өзінде прокуратура тергеушісі Қожамжар Махатовтың өндірісінде болған колхоз, совхоз басшыларына қатысты қозғалған 17 қылмыстық іс ақ-қарасы толық анықталып, лайықты шешім шығарылған.

Қожамжар ақсақалдың заңгер ретіндегі біліктілігі танылып, азамат ретіндегі адалдығы айшықтана түскен шақ - 1954-1955 жылдар еді. «Сталиндік қуғын-сүргін» деген атпен тарихта қалған 1937-1938 жылдардағы репрессия құрбандарын ақтау кезінде Қожекен қолына түскен істердің егжей-тегжейлі зерттеліп, ақ-қарасын ажыратып, адам тағдырына барынша байсалды қарай білді.

1959 жылдан бері қарайғы еңбек жолы бір ғана Жезқазған аймағымен байланысты болған Қожекен ақсақал - қатардағы заңгер ғана емес, адалдығымен, байсалдылығымен, білімділігімен халық жүрегінен өз орнын тапқан, өз бағасын алған абыройлы азамат.

«1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» және бірнеше мерекелік медальдардың иегері, тыл және заң саласы қызметінің ардагері, дербес зейнеткер Қожамжар Махатовтың өмір жолы - өнегеге толы.

Әлі де қоғам өмірінен қол үзбей, аймағымыздағы құқық қорғау органдарының ақылшысы, кеңесшісі болып жүрген қарт заңгерге мықты денсаулық, асқан абырой тілеумен сөзімізді аяқтауды жөн көрдік. Айта берсе, жаза берсе Қожекеннің өнегелі өмірі - дастан боларлық. Адалдықты жанына серік еткен Ұлытаудың ақиқатшыл ұлының өмірі туралы көлемді дүние жазу - келешектің еншісінде.

Е. КӨРІБАЙҰЛЫ.